



«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТ» КеАҚ

**«Платонус» ААЖ-де және студенттік порталда элективті
пәндерді таңдау бойынша нұсқаулықтар**

Қарағанды 2022ж.

Құрметті білім алушылар!

Білім беру бағдарламаңыздың таңдау компонентіне кіретін пәндерді оқу үшін сізге белгіленген кредиттер көлемінде элективті пәндерге жазылу рәсімінен өту қажет.

Элективті пәндерді таңдау оларға жазба жарияланғаннан кейін үш күн ішінде жүргізіледі. Хабарландырулар студенттік порталда және "Платонус" ААЖ-да жарияланады.

Элективті пәндерге жазылу "Платонус" ААЖ-да, ал интернатура пәндері үшін – студенттік портал арқылы жүзеге асырылады.


Элективті пәндерге сәтті жазылу үшін ұсынылған нұсқаулықтармен танысуыңызды сұраймыз.

Академиялық жұмыс департаменті сіздің өтінімдеріңізді жинап, оларды Мектептерге жібереді. Барлық курс студенттерінің өтінімдері негізінде Мектеп тиімділікті, таңдаған элективті пәндерді және оқыту тілін ескере отырып келесі оқу жылына топтарды құратын болады.


«Платонус» ААЖ-де элективті пәндерді таңдау бойынша нұсқаулық

1. «Платонус» ААЖ-ге өз жазбаңызбен кіру қажет.


2. Әрі қарай «Жеке оқу жоспарына» кіру керек.



3. Элективті пәндер каталогымен танысу үшін «Пәндер/модульдер каталогы» батырмасын басу керек.




4. Әрі қарай каталогты өзіңіздің құрылғыңызға жүктеу керек.




5. Каталогпен толықтай танысқаннан және элективті пәндерді таңдағаннан кейін «Жеке оқу жоспарына» қайтып бару (берілген нұсқаулықтың 2 пунктін қараңыз)


6. «Жеке оқу жоспарына» өткеннен кейін «Элективті пәндерге» өту керек




7. Пайда болған терезеде «Қосу» батырмасын басу керек



8. Әрі қарай «2023-2024» оқу жылын таңдау керек



9. Одан кейін пәндер циклі бойынша Сіздің курсыңызға қажет кредиттер мөлшеріне сәйкес оқығыңыз келетін элективті пәндерді таңдау керек.




10. Сіз элективті пәндердің қажетті санын таңдағаннан кейін «Өтініш беру» батырмасын басуыңыз керек




Студенттік порталда элективті пәндерді таңдау бойынша нұсқаулық


1. <https://sp.kgmu.kz/>
студенттік порталға өз
тіркеу жазбаңызбен
кіріңіз, «Элективті
пәндерге жазылу»
қойындысын ашыңыз




2. Бағытты таңдаңыз
→ «Интернатура»



3. Ашылған
терезеден Сіздің білім
беру
бағдарламаңыздың
атауы бар қалтаны
таңдайсыз



4. Толтыратын
форманы сіздің
оқытытын тіліңізге
байланысты таңдаңыз



5. Таңдалған формада барлық жолдарды толтырыңыз:
«ТАӘ», «Топтың нөмірін көрсету», «Оқыту тілін таңдау», «Қаржыландыру түрін таңдау», «2023-2024 жылына қажетті кредиттер мөлшері көрсетілген формадан элективті пәндерді таңдау».

6. Соңғы кезеңде «Жіберу» батырманы басыңыз